

х а т т а м а с ы №1

«2» «09» 2024ж

51

Жиналысқа қатысқандар

Б.Туркулов, мектеп директоры
М.Дүйсенов, ДТЖО
Е.Асанов, ДОІЖО
Н.Тәжиев, ата-аналар к.т.а
Әкелер кеңесі мүшелері 5
Қамқоршылық кеңесі мүшелері
А.Кульгинова, әлеуметтік педагог
А.Сармантаева, Р.Дүйсенова, педагог-психолог

Күн тәртібінде қаралған мәселелер

1. Жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту
Мектеп әкімшілігі
2. Әкелер кеңесінің төрағасын, мүшелерін тағайындау.
Әкелер кеңесі мүшелері
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Б.Туркулов жыл бойында атқарыла-тын жұмыс жоспарымен таныстырды. Жыл бойына атқарылатын жұмыс жоспарындағы мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің, мектеп әкімшілігінің ата-аналардың мойнына жүктеліп отырған жауапкершіліктің салмағы жайлы атап өтті. Сонымен бірге, ата-аналар комитеті, құқық қорғау органдар ИДН қызметкерлерінің және жаңадан құрылғалы отырған Әкелер кеңесінің жұмысының бала тәрбиесіндегі ерекше орны мен маңыздылығын атап өтті. Мектептің оқу-тәрбие жұмысындағы жаңалықтар мен өзгерістер жайлы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Асанов таныстырып өтті.

Кезектегі мәселе бойынша сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Дүйсенов Әкелер кеңесі мүшелерінің өткен ата-аналар жиналысында сайланғандығы және оның негізгі жұмысымен таныстыра келе кеңес төрағасын сайлау сол мүшелердің құзыреті екендігін атап өтті,

Келесі сөз кезегін алған әкелер кеңесінің мүшесі М.Сырлыбаев кеңес төралығына лайықты Е.Есжанов және оны үміткер ретінде тіркеуді мәлімдеді.

Сөз кезегін алған Қ.Қанаев М.Сырлыбаевтың ұсынысын қолдайтынын және мүшелер арасында дауысқа салуды ұсынды.

Келесі болып сөз алған Н.Тәжиев басқа үміткер болмағандықтан дауысқа салуды ұсынды. Дауыс беру нәтижесі бойынша, бірауыздан Е.Есжанов әкелер кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Ағымдағы мәселелер бойынша сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Дүйсенов алда өткізілетін іс-шаралармен таныстырып, алдағы уақытта ата-аналар мен әкелер кеңесінің атқаратын жұмыстары мен керек көмегі жайлы хабардар етті. Алда қаралған мәселелер бойынша қызу талқылаулар болып, жиналыс

Қаулы етті

1. Мектептің жылдық жоспары дұрыс түзілген деп табылып, бекітілсін.
2. Әкелер кеңесі мен төрағасы жоғарыда дауыс беру арқылы қабылданған құрамда бекітілсін.
3. Мектептің алда атқарылатын оқу-тәрбие жұмыстарына ата-аналар мен әкелер кеңесі мүшелері тартылсын.

Мектеп директоры



Хатшы:

Б.Туркулов

М.Сырлыбаев



№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Жастар арасында құқықбұзушылық, қаңғыбастық, өмір қауіпсіздігі, жол ережесі,
дін сауаттылық тақырыбында «Әкелер кеңесі», ауыл билері, қамқоршылық
кеңесі, ата-аналар комитеті мүшелерінің мектеп оқушыларымен «Салауатты өмір
салтын насихаттау» тақырыбында өткізген кездесу жиналысының

Х А Т Т А М А С Ы.

Мерзімі: 5.02.2025ж
Өткізілген орын: Думан зал
Қатысқандар саны: 186

Әкелер кеңесі, ата-аналар комитеті мүшелері, ауыл билері С.Жарқынбеков, Н.Прімбетов,
Б.Қолдасов, Н.Тәжиев

Т ы ң д а л ды.

Жиналыс төрағасы Е.Есжанов жиын қатысушыларына күн тәртібін, жиынға келген топ мүшелерімен таныстырды.

Алғашқы сөз кезегін алған әкелер кеңесінің төрағасы Ержан Есжанов, қазіргі таңдағы балалардың тамақтануы салауатты салт дәстүрін ұстанбауы және олардың денсаулығы жайында мәліметтер келтірді. Осыған жалпы қоғам, ұстаздар, ата-аналар қатты көңіл бөлуі керектігін атап өтті. Білім мен дағдылыққа, салауатты өмір салтын ұстауға талпыну қазіргі заман талабы болып тұрғанын, әрбір ата-ана перзентінің келешегі жарқын болғандығын қалайтындығын, ол үшін бәрін беруге дайын екендігі заңдылық екенін айтты.

Келесі сөз кезегі алған ауыл төбе биі Е.Үсенов денсаулық мәселесі оның ішінде салауатты өмір салтын ұстану үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өзіңнің, келешек ұрпағыңның дені сау, мықты азамат болып қалыптасу үшін спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану, зиянды заттардан аулақ болуға шақырды. Салауатты өмір тазалықты, туралықты, шындықты, адалдықты талап етеді, соған шақырады.

Қазіргі экологияның нашарлауы, тамақтардың сапасының төмендеуі адамдардың, соның ішінде балалардың дұрыс тамақтануы, демалуы, спортпен шұғылдануын талап етеді.

Келесі сөз кезегін алған ауыл ақсақалы Көшербай Тұрқұлов, қазір адамның, баланың дамуы үшін бар жағдай бар екенін, тек соны тиімді пайдалану керектігін атап өтті.

Өздерінің жас кезінде мұндай мектеп, спорт зал, үйірмелер, спорт алаңшалары болмағандығын, соған қарамастан топырақ алаңдарда, ашық аспан астында, қолдан жасалған спорттық заттармен дайындалып үлкен жетістіктерге жетіп отырғандарын атап кетті.

Жастар арасындағы салауатты өмір салтын ұстауға шақыру барлығымыздың азаматтық борышымыз. Салауатты өмір салтын ұстану бойынша ауқымды іс-шаралар өтіп жатқандығын, кездесудің мақсаты оқушылармен тікелей ашық форматта сұхбат құру екендігін атап өтті.

Биыл жыл басынан ауданымызда оқушыларға қатысты бірнеше құқықбұзушылықтар тіркелгендігін айтып өтті. Олар ерте жүктілік, әлімжеттік, қаңғыбастық, ұрлық т.б. Осы топ құрамының негізгі мақсаты жан-жақты ақпарат беру, бірлесіп жұмыс жасап,

келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында мектеп медбикелері А.Абдирайымова, Б.Умирзакова бейнефильмдер көрсетіп түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Келесі болып сөз алған мектеп ұлдар кеңесінің төрағасы Н.Оспан қазіргі таңдағы интернет, әр түрлі чаттардағы хабарламалар мұхият болуды талап ететіндігін және ол бойынша мектепте сауаттылық сабақтары өткізіліп отырғандығын атап өтті. Қазіргі қызмет түрлерінің сан алуандығы мен қол жетімділігі адамдарға қолайлылық алып келуімен қатар қауіп те алып келеді. Соған байланысты сақ болуға шақырды. Одан қорғанудың жолы цифрлық сауаттылықты арттыру.

Сонымен қатар балалардың денсаулығы жақсарту мақсатында елімізде бүкіл бастауыш сыныптары ыстық тамақпен қамтылғанын, келешекте басқа сыныптарда қамтылуы қарастырылуда екенін атап кетті. Салауатты өмір салтын ұстану үшін спорттық, өнер үйірмелері көп ашылып жатқанын атап өтті.

Келесі сөз кезегін алған төбе би Үсенов Ерлан қазіргі таңда елімізде балалардың жан-жақты білім алуы үшін барлық жағдай жасалғандығын, сол мүмкіншілікті пайдаланып қалу керектігін айтты.

Оқушыға оқу процесі кезінде білім алумен қатар әртүрлі іс-шаралар өтіліп тұратынын соған оқушылардың белсенді қатысуын қадағалау керектігін атап кетті.

Келесі сөз кезегін алған ауыл биі Жарқынбеков Сейіт оқушыларды спорттық іс-шараларға тарту, ұйымдастырылып тұруы қажеттігін, сол арқылы бала бойына тұлғалық қасиет жинайтындығын атап өтті.

Мектеп жыл бойына әртүрлі мәдени іс-шаралар өткізетіндігін, оның барлығы балалардың бос уақытын тиімді ету, салауатты өмір салтын ұстану екендігін атап өтті. Өзіміз жағымыздан да көптеп спорттық, қоғамдық шараларды ұйымдастыру қажеттілігін атап кетті.

Жоғарыдағы қаралған мәселелер бойынша жиналыс төмендегіше шешім етті:

1. Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін мектептегі үйірме жұмыстарын әрі қарай жетілдіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Балалардың кешкі беймезгіл уақытта жүрмеуін, ойын-сауық орындарына бармауын қадағалау ата-аналарға жүктелсін.
3. Мектеп оқушыларының сабақ және демалыс уақыттарында мешітке өздігінше жалғыз бармауын, әр түрлі күдікті сайттарға кірмеуін қадағалау, түсіндірме жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерімен ауыл имамдарына жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:



Е.Есжанов

Хатшы:



Ж.Атақұлов

Хаттамасы

17.04.2025 ж

- Жиналысқа қатысқандар: 1. Е.Есжанов, әкелер кеңесі төрағасы
2.Е.Усенов, қамқоршылық кеңесі төрағасы
3.Ауыл билері
4.34 ата-ана (әкелер)
5.Мектеп ер мұғалімдері
6. Мектеп ер балалары (7-11 сынып)

Күн тәртібінде

1. «Әке-отбасы қорғаны» тренинг
А.Сармантаева, Р.Дуйсенова педагог-психолог
2. Әкенің бала алдындағы –парызы
Қ.Қанаев әкелер кеңесінің мүшесі
3. Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмас
Р.Жамал қазақ тілі пәні мұғалімі

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп психолог- педагогтары А.Сармантаева мен Р.Дуйсенова 7 ата-ананы жиын алдына шақырып өз баласының бейнесін қағаз бойына түсіру немесе қайшы арқылы кескіндеуді тапсырды. Әр бір әке өз суреттемесін үлкен жауапкершілікпен атқаруға, жасауға әрекеттенді. Тапсырма аяқталғаннан кейін, әкелерден осы тапсырманы орындау барысында қандай күйде болғандығын сұрады. Барлығы дерлік үлкен жауапкершілікпен, мұхияттылық танытқанын айтты. Педагог психолог А.Сармантаева, ал енді жасаған кескіндемелеріңізді майдалап қырқуға тапсырма берді.Көпшілік ата-ана қырқуға бата алмай, оданда өзіммен үйге алып кетейін деген уәж білдірді. Психолог -педагог А.Сармантаева бұдан қорытынды жасай келе ата-ана соның ішінде әке барлық уақытта отбасының қорғаны болуға дайын екендігі көріп тұрғанын айтты. Қорытындылай келе әке –отбасы қорғаны міндетін кез-келген жағдайда атқаруы табиғи заңдылық екеніне көз жеткізіп отырғандарын ескертті. Екінші болып сөз алған әкелер кеңесінің мүшесі Қ.Қанаев әкенің бала алдындағы – парызы жайлы өз ойларын жеткізді. Ол отбасындағы тәрбиеде әкенің ролі ерекше болу керектігін айтты. Қ.Қанаев өзі үлкен 12 перзентті отбасынан шыққандығын және үлкен еңбек жолында тәрбиеленгендігін атап кетті. Ол өзінің әкесі Қалмаханбет ата кеңес өкіметі кезінде ауылдық бөлімшеде бригадир болғандығын және барлық балаларын кара еңбек арқылы тәрбиелегенін атап өтті. Қ.Қанаев әке баланы өзін-өзі кез-келген ортада дұрыс ұстай алатын, еңбекқор адам етіп шығару керектігін айтты. Әкеден балаға мұраға мал емес, дұрыс тәрбие қалу керек. Әкенің негізгі парызы баласын адамгершілікке бай тұлға ретінде қалыптастыру. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз алған мектептің ұлдар кеңесінің мүшесі Р.Жамал өз кезегінде баланың негізгі тәрбиешісі ата-ана соның ішінде әкенің ролі ерекше екенін атап өтті. Бала мектеп қабырғасында күніне 5-6 сағат болып қалған 18-19

сағат ата-ана қарауында болатындығын, сондықтан тәрбиенің негізі отбасынан бастау алатынын айтты.

Бала тәрбиесінде әкенің ролі бұрыннан атам заманнан ерекше, орынды, салмақтыда зілді болып келген.

Атам қазақ әке көрген оқ жонар демекші бала әке тәрбиесінен өнерлі де еңбеккер қоғамда өз орнын ойып табатын азамат болып қалыптасу заңдылық.

Әкенің қамқорлығы таудан биік, ананың махаббаты теңізден терең.

Әке болу дегеніміз –заттарға жаңа көзқараспен қарауды үйрену.

Кеше сізде миллион маңызды іс болса, бүгін бір маңызды іс-ол сіздің балаңыз!

Жоғарыдағы қаралған мәселелер бойынша кеңес шешім етті:

1. Мектеп пен отбасы қатынасын,соның ішінде әкелер кеңесі жиындары әр түрлі форматта(тренинг, пікірсайыс, спорттық жиын т.б) жүргізілсін.
2. Қоғамдағы, отбасындағы әкенің ролі мен парызы (міндеті)тақырыбында құқықтық сабақтар жүргізілсін.
3. Мектеп ұлдар кеңесі мен әкелер кеңесі жұмысын үлестіру бойынша жұмыстар атқарылсын.

Жиналыс төрағасы:
Хатшы:



Е.Есжанов
Р.Жамал